

THE UNIVERSITY OF THE SOUTH PACIFIC  
SCHOOL OF DISTANCE EDUCATION  
DEPARTMENT OF EDUCATION

WELCOME TO THE  
WORLD OF  
WORLDWIDE  
WISDOM





Серік НЕГИМОВ

## КӘДІМГІ БІР ҚЫДЫР-АТА СИЯҚТЫ

**Х**алықтың қадірлісі, ардақтысы, ұлт руханиятының қасиетті қарнары академик-жазушы Сәбит Мұқанов «Бір өзі бір библиотека кітап жазған, бір өзі бір елдің басынан кешкен бар дәуірін қамтуға құлаш ұрған, әр дәуірдегі елдік-ерлік тіршілігін, ой өрісін, сезім тереңдігін көрсете алған, теңдесері сирек кездесетін қалам еңбекшісі» (Ғабит Мүсірепов), «қазақ халқының жанды шежіресі» (Сәйфи Құдаш), «әдебиетіміздің Эльбрустарының бірі» (Расул Ғамзатов) еді.

Ұлы Сәбең «Сырласу» дейтін толғанысында:

Жан сырым, халқым маған сенсең егер,

Борышым шашымнан көп саған берер.

Желкеме шор түсер деп аямай сал,

Мен сенің өгізіңмін өрге жегер – дегені ұлт суреткерінің, замана жыршысының имандай сыры, жалынды тілегі. Ол сөз өнері, әдебиет тарихы, ұлт мәдениеті, ұстаздық-санаткерлік жолында, шын мәнісінде, халық қызметкері, мейірбан өнер қамқоршысы, егінші-малшы қауымның Қыдыр-атасы дәрежесіне, ой-парасат биігіне шарықтап, асыл жұртын ақ жаңбырдай сөз кәусарымен сусындатты.

\* \* \*

1967 жыл. Қаңтар айының алғашқы күндері КазГУ-дің үлкен акт залында елге әйгілі Сәбит Мұқановпен кездесу болған-ды. Ертегідей ша-



һарды да, аңыз жазушыны да алғаш рет көргенім. Сәбең әзіл-оспаққа жүйрік, айтқыш ойнақы сөйлейді екен. Аудиторияны өз уысында ұстап, қызықты шығармашылық ойларымен бөлісті. Есімде қалғаны: он алты томдық таңдамалы шығармаларым шықпақшы, «Госплан» терлейді» дегені бар. Әсіресе, Шоқан Уәлиханов өмірінен трилогия жазуға кірістім. Себебі, мен өзім 1913 жылы энциклопедист-оқымысты Шоқанның Көкшетау дуанындағы Айыртау болысында тұратын бауыры Қоқыштың үйінде Шоқанның суреттерін көрген едім. Екінші рет осы ұлы шаңырақта 1921 жылы болдым. Осы жылы жазғытұрым уақытында ақ бандылар Қоқыштың үйіне басып кіріп, Шоқан мен Мақының (1845-1916) қымбат жәдігерлерін кұртыпты. Әңгімешіл, шежіреге жетік Қоқыш ақсақал Абылай хан, Уәлі, Шоқан, Жақып, Мақы, бір сөзбен айтқанда, Абылайхан заманы, Шоқанның ата-тегі, өмірі жайында мол деректерге қанықтырды деді. «Шалың, жасы 66-да бола тұра ауыр жұмысқа жегілдім» деп ойын бір түйді. Шоқан туралы жазу күрделі шаруа. Қазақтың кен даласын, Сібір өлкесін, Қытайдың Қашғариясын, Қырғыздың Алатауын шарлаған. Петербургте әйгілі оқымыстылармен араласуы бар, пікірлесуі бар. Сонда деймін-ау, Шоқанның ғаламат парасатты тұлғасы, дария білімі, даналық ілімі қандай екен-ау деп қайран қаласыңдар деген-ді. Сөйтіп, мол әсерге бөленгенім бар.

1967, 1970 жылдарда жарияланған «Аққан жұлдыз» дилогиясында Сабалақтың (Абылай ханның) балауса шағында Төле бидің қолында болғаны, содан соң Қарауыл Дәулеткелді байдың жылқысын баққаны, сонан соң «ғайыпты болжайтын әулие», «сиқырлы оқумен аспаннан періні түсіріп, жерден жынды буатын» ғұлама, емші, имам, Бұхарда 30 жыл оқыған, 12 пәнді тәмамдаған Сарғалдақ қожаның қызы Айғанымға Уәліханның кұда түсуі, Уәлінің 1815 жылы дүниеден озуы, «шұбар төс аққу» Айғанымның князь Николайға ұнап, оны Көкшетау дуанының аға сұлтаны сайлауы, ордасын жасақтауы, Айғанымның Шорманмен кұдаласуы, Шорманның «аттарының сирағына ақ жібек орап, Сырымбетке келуі, оның «қаз бен үйректі бидайықтай қыратын» Көксүңгіні қалауы, жиһангез Сейфсаттар Сейфүлмәліков тарихы, Зейнепті ұзату салтанаты, Естеместің Есенейінің 8 қанат ақ үй тігіп, нешеме алуан төсеніш төсеп, 6 айғырдың терісінен тай жүзген саба жасап, Шыңғысты қонақ етуі, «піскен ақ марқадай, сымбатты сұлу», «адамзаттың періштесі» Ұлпанның сәулеті (алақандай жалпақ үзбелері, алтын шолпысы, жүзігі, сырғасы сыңғырлап сыңсыған сәукелесінің өзі бір үйір жылқыға тең), ХІХ ғасырдың сөз ұстаған Қанай би, Шәңкі би, Токсан би, Құрымсы би,



Ізбасты би, Арғын Шоқан би тұлғасы және Шоқанның тентектік қылықтары, алғырлығы мен Кадет корпусында оқыған жылдары суреткерлік шеберлікпен әңгімеленеді. Және де Батыс Сібір генерал-губернаторы Густав Христионович Гасфорттың (1790-1874) Шоқанды өзіне адъютант еткені сөз болады.

«Аққан жұлдыз» дилогиясының 2-ші томында Г.Х.Гасфорттың өмір-тарихы және оның Орта Азия халықтарының жер-суын, әскери қуат-күшін, салт-санасын, әдет-ғұрпын қалайша меңгеру тәсілдерін, Россияның отаршылдық саясатын тереңдету мақсатында «Ганнибалдан бір де кем болмас қалпы бар» Шоқанды өзіне жәрдемші ету, тағы да сол ХІХ ғасыр ішіндегі саяси жағдайлар кемел сипатталған.

Дилогияда қазақ халқының тағдыры турасында Ф.М.Достоевский мен Шоқанның кеңесулерінде жақсы көрініс тапқан. Шоқанның көз-қарасын: «Бергі арманы туған елі – қазақтың елдігін, шаруасын, мәдениетін, тұрмысын Еуропаның, орыстың даражасына көтеру...». Немесе: «Россияда дүние жүзіндегі ең зор отаршыл мемлекеттің бірі ғой? Оның да жаулап алған жері мен елі ұлан-байтақ. Солардың бірі – қазақ» деп, шынайылықпен сөйлетеді.

Ұшқыр ойлы балауса Шоқанды «О, адам! Бірінші адам!» деп Ф.М.Достоевскийдің бағалауы да қандай үздік сипаттама!

Дилогияда Шоқанның тағдырластары, мұраттастары Доржи Банзаров пен Г.Н.Потанин жайындағы сыр-сұхбаттар, сонымен қатар Петербургте өнер көрсеткен Дәулеткерей мен Тәттімбет күйшілер хақындағы тарихи әңгімелер, Шоқан мен Айжан арасындағы ғашықтық сырлар, Нарғыз бейнесі және оның қайғылы-қасіретті өмірінен туған Дайрабайдың «Қапыда өткен қарындас», «Суға кетті-ау, еркетай!?» дейтін күйлері, Көкшетау, Бурабай өңірінің тарихы, қазақтың би-шешендерінің тұлғасы суреттелген.

Жалпы, ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік жағдайлармен Шоқан тұлғасы мен оның ортасы жақсы көрсетілген.

Негізінде, Сәбеннің «Аққан жұлдыз» дилогиясында этнографиялық көріністер (қыз ұзату, Зейнептің бүркіт миына жерік болуы, киіз үй құрылымына, ас-суға, аяқ-табаққа, киім-кешекке қатысты), сирек қолданылатын мақал-мәтелдер, фразеологиялық оралымдар, тарихи жер-су атаулары жеткілікті. Айталық: «Ел-сүңгі мұз: ақырын ұстасаң түсіп кетеді, қатты ұстасаң сынып кетеді», «Қыдыр қараша үйге қонақтайды», «тышқанға жүн біткен сайын қалтырауық». Мына бір сөз тіркестеріне ой жүгіртейік: «ақылына айғыр салу» (байқау, тексеру деген мағынада),



«істік ұшына шығу» (шегіне шыққан ушыққан іс) «ас-суға қылап әйел» (таза, ұқыпты). «балағынан шуы шыққан» (салақтық).

Я болмаса: «қаза» (камыстан қошқар мүйіздендіре кең ғып жасаған қоршау), «киік емшек» (сүт атауы), «дөңасар» (зеңбірек), «қалтақбай» (астау қайықтың аты), «үме» (сауын айту).

Жазушы Сәбит Мұқанов табиғат құбылыстарын әсерлеп суреттеуге де майталман. Мысалы: «күрең бояуы қоюлана түскен күннің үлкен доңғалағы жерге түгелімен батып та үлгерді. Енді оның жер астынан биікке шашыраған өзі түсті сәуле тармақтары жан-жақтан саумаланып жиналды да, тотының тарбайтқан құйрық қанаттары сияктанып, түбі бір-ақ уыс, тарамы бір-ақ шок болуға айналды...» (Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 16 томдық. Т.7. Алматы, «Жазушы», 1975. 247-бет).

\* \* \*

Қазақтың ұлттық жазба әдебиет тілінің сыр-сипаттары мен мүмкіндіктерін ұлы суреткер Сәбит Мұқанов «Адасқандар» романында (1931) жан-жақты, кеңінен кемел шеберлікпен тұтынған.

Ұлт тілінің шалқар байлығын біліктілікпен, білгірлікпен пайдалана білген сұңғыла Сәбең әдебиет тілінің сан-салалы даму арналарын, атап айтқанда, халықтың ауызекі сөйлеу тілін, негізгі сөздік қорын, фольклор тілін, жазба әдебиет тілінің ерекшеліктерін еркін меңгергенін көруге болады.

Шынтуайттап келгенде, «Адасқандар» романының (2000 жылғы басылымы бойынша) көркемдік дүниесі поэтикалық құбылыстарға, әсерлі, әсем көріністерге, жаратылыстың сұлу, кербез суреттеріне мейлінше бай. Бұл романның жазылуына себепкер оқиғаның тарихы туралы бірекі сөз.

«Не оқиға болғанын мен сол күннің кешіне дейін біліп үлгірдім: өлген жігіт – өзіме таныс «Еңбекші қазақ» газетінің қызметкері – Мұстапа Көшенов екен; қолы байланып, аузынан қан аққан жігіт – Мұстапаның туған бөлесі, Шымкенттегі Педагогика техникумының оқушысы Сұлтанбек Әбеуов екен. Екеуі де торғайлық. Сұлтанбек елінде Бәтима деген қызбен көңіл қосады (екеуі бастауыш мектепте бірге оқыған). Олардың қосылуына ел ішіндегі ақсақал, атқамінерлер бөгет болады. Қыз олардан шыға алмайды. Сұлтанбек өкпелейді де оқуына кетіп қалады. Қыз да ауылда қалып қоймай, жергілікті советтік орындардың жәрдемімен Қызылордаға оқуға келеді. Ол қалада тұратын торғайлық қызметкерлер-



ге, елдің қызға жәбірленген ақсақалдары: «Кімге қоссаңдар да еріктерің, бірақ Сұлтанбекке қоспаңдар» деп хат жазады. Олар осы өтінішті орындайды да, қызды алдастырып Мұстапа Көшеновке қосады. Бұл хабарды естіген Сұлтанбек Шымкенттен Қызылордаға әдейі кеп, қапысын табады да Мұстапаны жоғарыда сипатталған түрде өлтіреді. Қысқаша айтқанда, уақиға жайы осылай...

Сот мәжілісі 1928 жылы апрельдің 29 күні Қызылордадағы кино-театрдың залында ашық түрде басталды. Председателі – Ерімбетов, мүшелері – Исхак Байжанов, Бәтима Мұсағалиева, хатшысы Әубәкіров. Прокурор – Сұлтан Жантуаров, айыпкерді қорғаушы адвокат – Дебагон, қоғамдық айыптаушы – менмін. Үш күнге созылған сот мәжілісі маған қажетті материалды түгелімен анықтап болды. Бұл, әрине, романдық материал. Оны менің жазуым керек. Сонда атын не деп қоям?.. Сот мәжілісінден талассыз анықталған нәрсе – Бәтима опасыздық жасамаған, оны ескілік тұманы адастырған. Ендеше, ескілік салдары бақыт жолынан адастырған екі жастың трагедиясы туралы жазатын романға «Адасқандар» дегеннен лайық ат жоқ» – дейді Сәбең.

Енді романның негізгі оқиғасы, идеясы айқын болғандықтан, көркемдік мазмұнына ой жарығын түсірген дұрыс болар.

Өйткені, «Адасқандар» романының өн-бойына іріктелген, сұрыпталған мағыналы һәм музыкалы сөйлемдер, орамдылық, ой-сезім, парасатпайымға көмкерілген шынайылық, күйлілік, мөлдірлік тән. Асыл ой, асыл сөз бір-бірімен үйлесім тауып, өзгеше бір жаңалықты леп еседі.

Академик-жазушы Сәбит Мұқанов адам портретін жасауға, оның ішкі дүниесі мен сыртқы түр-келбетін келістіре суреттеуге жетік. Бұл орайда Бәтестің кескін-кейпін былайша мүлтіксіз мүсіндеген:

«12-13-тер шамасында: талдырмаш белі үзіліп кетейін деп тұрған қылдырықтай. Кішірек келген, көмірден де қара, қара бояудан да, қысқасы не нәрсе тұнық қара болса соның бәрінен де қара, қарақатқа ұқсап мөлдіреп тұратын, қара көзі бар; бүлдіршіндей дөңгелек жүзді, екі бетінен қып-қызыл қаны тамады. Бірақ, бойжеткен қыздай көзінің астында тарамданып жиналған тарам қызыл емес, бетін түгел жапқан майда қызыл. Мұрны әзірге етжеңділеу, өсе келе қырланатын, бірақ бәлкім кішірек; саусақтарында буын жоқ, суға шыққан сүйріктің үлпілдек басындай, аппақ, үші сүп-сүйір, үлбірегген нәзік! Тұтамдай ғана, құлағынан дөңгелетіп қыйған, қара сұр құлынның кекілі сықылды желкілдеген шашы бар; мойыны жұп-жұмыр, етжеңді ұзын; жұмыртқаның қақ жарған ағындай, тамағының астында дөңгелек бұғағы бар, даусы жаңа туған



құлынның кісінегені сықылды, талығып, зорға естіледі; күлкісі сыңғырлаған күміс тәрізді, кеудесі шалқақтау, бойы тік, денесінде бір мін жоқ.

Міне, мені өлеңге құмарландырған – осы – Бәтес. Өйткені, көктің көркі алтын күн, күміс ай, маржан жұлдыз; судың көркі бұйра толқын, ақ көбік; жердің көркі жасыл шөп, жайнаған гүл, ағаштың көркі жапырақ; сөздің көркі өлең; көркемнің көркемі күй ғой, сол күйдің түп қазығы өлең!».

«Айдың сәулесінің астында ана біреу ұшып жүрген қардың ұшқындарының біреуі боп, Бәтес неге ұшып келмейді екен?».

Қай сөзін, сөз тіркесі, сөйлемін алсаң да көркемдік қызметі айрықша. Мысалы «Белі үзіліп кетейін деп тұрған қылдырықтай», «бүлдіршіндей дөңгелек жүзді», «суға шыққан сүйріктің дөңгелек басындай», «жұмыртқаның қақ жарған ағындай» дейтін теңеулер өрімталдың сұлулығын мәлімдейді. Ал «көмірден де қара, қара бояудан да, қысқасы не нәрсе тұнық қара болса, соның бәрінен де қара, қарақатқа ұқсап мөлдіреп тұратын қара көзі бар» деген дамытуда суреткерлік айшық бар. Я болмаса, «даусы жаңа туған құлынның кісінегені сықылды», «екі бетінен қып-қызыл қаны тамады», «Айдың сәулесінің астында ана біреу ұшып жүрген қардың ұшқындарының біреуі боп, Бәтес неге ұшып келмеді екен?» дейтін әсірелеушілік мәнге ие сөйлемдер Бәтестің сұлулығын айқын танытады.

Бәтес – төгіліп тұрған поэзия. Ендеше, жазушы осы бір тұста айқындау сөздерді табиғи тұрғыдан әсем тізбелеп туындатады (алтын күн, күміс ай, маржан жұлдыз, бұйра толқын, ақ көбік, жасыл шөп, жайнаған гүл және т.с.с.).

С.Мұқанов адамзат өмірі мен ғаламзаттың біртұтастығын сақтауға шебер суреткер.

Сондай-ақ жазушының Бүркіттің атынан айтылған лебізінде де телегей сезім бар: «түнде от боп жанып тұратын бір тас бар, күндіз жанбайды» деп есітетін ем; Бәтестің денесі түп-түгел көзіме түнде сол тасқа ұқсап жанып тұратын сықылданды».

Жазушы кескіндеген Бәтестің портреті не себепті тартымды, нанымды? Өйткені, осынау сырлы суреттер жалынды сезімнен, ыстық ниеттен, құмарпаздықтан, ынтызарлықтан туғандықтан.

«Адасқандар» романында Асылтастың, Қоңырбайдың, Таңырық молданың портреттері өз алдына жеке бір сипаттауларға құрылған.

XX ғасыр басында тілдің ауызша формасын да, жазбаша формасын да әрі роман жанрының қыр-сырын игерген биік мәдениетті жазушы



С.Мұқановтың аталмыш шығармасында жүрек толқытарлық, қиял-сезімді қозғарлық таңғажайып ойлар көптеп кездеседі. Бәтестің Бүркітке хатында мынадай өрнекті сөйлемдер күйлілігімен, көркемдік орамымен зейініңді аударарды:

«Қаламның темірі менің жүрегімнің еті емес. Қара сия тұла бойымды бір ерітіп, бір суытып отырған қаным емес; қағаз менің жалынды, жанды денемнің сезімін саған қалай апарсын!».

Табиғат құшағында өскен көшпелі елдің көшелі, зерделі баласы болғандықтан ба, әлде анасының сүтінен, ана әлдиінен сөз өнеріне деген қабілеті ту бастан оянғандықтан ба, әу баста содан жаралғандықтан ба, ұлы Сәбең «Адасқандар» романында табиғаттың тамаша құбылыстарының құпиясын сөз құдіретімен тірілтіп бере білген. Мәселен:

1. «Ұшқан сауысқанның қанаты тиіп кетсе, қамыс ұйқысынан шошып оянғандай, үстіндегі қырауын сілкіп жіберіп, басын көтеріп түрегеледі». (13-бет)

2. «Жібектей ширатылған жаздың қоңыр бұлты шығып, ағытқан өрмектей шұбалтып жылы жаңбырын төкті». (43-бет)

3. «Таң білінді, әуелі бозғылданып барып, артынан күншығыс жақ сарғылттанды».

4. «...көктен жерге көсілте құрған өрмектің жібіндей тарамдалып, суылтып жаңбыр да келіп қалды». (263-бет)

5. «Жапырақтардың арасынан қып-қызыл гауһар тастай мөлдіреп жидектер ұшыраса кетті». (269-бет)

Сәбит Мұқановтың қолынан суреттеліп шыққан буырқанған бояуларға қанық сахара сәулеті, дала дидары, жұпар иісті жаратылыс аясы мінеки осындай.

Жазушы идеялық-эстетикалық нысанасы жоғары шығармасында ең басты, ең өзекті ой-пікірлерін жайнатып, ойнатып, түрлендіріп жеткізеді. Сөз-ұғымдарды, сөз-образдарды, сөз-символдарды ұтымды қолданады. Айталық: «Қазір түн де қоңыр, дала да қоңыр, деңкиіп, қалқиып тұрған Бәтес жатқан сегіз қанат қоңыр үй де қоңыр. Менің ойым да қоңыр. Бәрі де қоңыр!». (80-бет)

Ол Бәтесті «аққудың көгілдірі, піспеген қауын, жарылмаған жұмыртқа, сүттен ақ, судан таза періште, жаңа гүлденіп келе жатқан қызғалдақ!..» деп есептейді. (24-бет)

Қолжетпестей биіктегі тіл жетпестей Бәтеске деген құштарлығын, ынтықтығын осылайша сөйлетеді.

Бірде Бүркіттің Мейізге көңілі ауып хат жазып, оны қыздың кебісіне



салады. Бір уақытта қыздың ағасы Салқамбай шылым тартуға қағаз сұрап, ақырында кебістегі қағазды көзі шалып, хатты оқып, Бүркітті жақтан періп кеп жібереді. Содан Бүркіт:

– Басым зың ете түсті. Көзім жарқ ете түсті. Жағым ду ете түсті, – дейді. (259-бет)

Иә, жазушының тілге байлығын бірқатар еліктеуіш сөздер де дәлелдейді. С.Мұқанов ойды, пікірді, сезімді толқындатып, еселеп, мәнерлеп жеткізуге ықпал жасайтын қайталауды былайша пайдаланады: «Жүректің сырымен, ойдың толқынын қағазға түсіре алмайтын, қалам, саған не жаздым! Өз денемнің мүшесі боп отырып, өзіме пайдаға аспайтын, орал деген ыңғайыма орала қоймайтын тіл, саған не жаздым!» (32-бет).

«Адасқандар» романының тілінде тереңдікке, сыршылдыққа ие теңеулер де мол. Мәселен: «Көл сырлы аяққа құйған қымыздай» (17-бет); «Доғадай боп иіліп жатқан тұтас жал» (247-бет); «суға тамған сиядай», «бұйдаланған түйедей» (264-бет); «Жібектей ширатылған май жоңышқа» (271-бет); «жаңа түскен келіншектей төгіліп тұрған ағаштар» (288-бет).

Туындыда қаскөй күштерге, қас дұшпанға қарсы айтылатын қарғыс мәнді сөздер де («Қағынды келсін! Ішің толсын! Жер жастан! Жетпей желкең қиылсын! Мүрдем кет! Көк-ала келсін! Шешек шықсын!») бар.

Романның көркемдік-бейнелілік жүйесінде мақал-мәтелдер мен фразеологиялық оралымдар; афористік сөз үлгілері мен қанатты сөздер шаш-етектен.

Академик-жазушы Сәбит Мұқанов «форточканы» «жел жаңартар» деуі қонымды. Және де «Кітап адамның күні сықылды екен, ол көзін түгіл көкірегінді ашады екен» деген сөзі қандай салиқалы сөз сарасы. «Май құйрық» деген сөз-ұғым ше? Мұның да мәнін ұмыттық.

Қорыта айтқанда, суреткердің көркемдік ойлау мәдениеті, дүниетану даралығы, парасат-пайым дәрежесі, көркемдікті сезіну қабілеті «Адасқандар» романының тілі мен стилінен жарқырап көрінеді.

\* \* \*

Замана жыршысы, әмбебап дарын Сәбит Мұқановтың 1964 жылы жарық көрген «Өмір мектебінің» жалғасы «Есею жылдары» дейтін мемуарлық туындысында ХХ ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік, саяси жағдайлар мен ел өміріндегі, руханият әлеміндегі, саясат майданындағы іргелі, күрделі құбылыстар, қайшылығы мол көріністер және соны-



мен бірге қазақтың абыройын асқақтатқан, самұрықша самғаған саңлақ тұлғалардың ерен, ерекше елдік-мемлекеттік істерін шынайы таза қалпында әңгімелейді. Және өзінің телегей сыр-сезімімен, тәжірибесімен, көрген-білген, естіген, түйгендерімен бөліседі. Әлбетте, қу заманның құрық бойламайтын қулықтарына шырмалғаны да бар. Қалай десекте «Есею жылдары» романы – сол бір таукіметті дәуірдің айнасы. Мұнда тарихи-мәдени, саяси, әдеби мағлұматтар мол.

Сәбит Мұқанов И.В.Сталиннің қабылдауында болғанын, ол Әліби Жангелдин мен Ғаббас Тоғжановты білгенін, «Шығыс» баспасының қазақстандық бөлімін Әбдірахман Байділдин меңгергенін, «Ұлттар» баспасының директоры, «Темірқазық» журналының редакторы Нәзір Төрешұлов болғанын, Николайды атқан Ф.И.Голощекин екендігін, өзі 1923 жылы Орынбор шаһарында «Еңлік-Кебек» спектаклінде Көбейдің рөлінде ойнағанын, Сәкен Сейфуллиннің өзіне «Өлең, тек адамның жан-жүрегінен суырылатын сыры ғана болуға тиісті» деп ақыл бергенін, 1926 жылы «Бостандық туы» газетінің секретары, 1929 жылы «Кеңес аулы» газетінің редакторы, 1930-1931 жылдарда Мәскеуде академик Марр атындағы Тіл білімі институтымен 1931-1936 жылдарда Қызыл профессорлар институтында оқығанын, 1935 жылы Мәскеуде «Сын бая» романы жарияланғанын, 1936 жылы Мәскеуде Қазақ әдебиеті мен өнері декадасына ресми мүше ретінде қатысқанын және осы бір салтанатты күндерде Лев Исаевич Мирзоян Парижден француз тіліне аударылған «Сұлушаш» романын сыйлағанын баян етеді.

Әсіресе, академик-жазушы Сәбит Мұқановтың ұлт тұлғалары Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Ораз Жандосов, Нығмет Нұрмақов, Сұлтанбек Қожанов, Әбілқайыр Досов, Смағұл Сәдуақасов, Жалау Мыңбаев, Сейітқали Меңдешев жайында айтқандары толғандырмай қоймайды. С.Мұқановтың мына бір пікірі – оның саяси көзқарасын толық көрсетеді.

«Москвада жауапты қызметте қазақтан үш адам бар: бірі – ВКП(б) Орталық комитетінің инструкторы – Әбілхайыр Досов, екіншісі – ВЦИК секретарының бірі – Нығмет Нұрмақов, үшіншісі – РСФСР Халық Комиссарлар Советі председателінің орынбасары – Тұрар Рысқұлов. Осылардың ішінде менің ең көп білетінім де, ең жақын сырласым да Досов еді. Мен оған Қазақстанда болып жатқан уақиғаларды айтып, қатені түзеуге араласуын өтініп ем:

– Біздің қолдан келмейтін іс, – деді Досов.

– Неге?..



– Өзара айтқанда, – деді ол, – **Қазақстанда осынша бүліншілік болуға бас себепкер – Сталиннің өзі.**

– Неге?! – дедім мен шошынғандай...

– Голощекин біздің республикаға секретарь боп 1925 жылы барды ғой. Содан бірер жыл кейін Сталиннің атына: «Қазақ аулына Октябрь революциясы әлі келген жоқ, оны енді жасау керек» деген мазмұнда ұзақ хат берген. Сталин ол хаттың үстіне «мақұлдаймын» деген резолюция қондырған. Голощекиннің Қазақстанда қазіргі жасап жатқан бүліншілігі – сол резолюциядан шығып жатқан нәрсе, Қазақстанның ерекше бүлініп жатуы да содан.

Менің басым айналып кеткендей болды. Өйткені, ол кезде мен Сталин тарапынан халыққа қастық болады деген пікірді басыма келтірген адам емеспін де. Оның үстіне, 1930 жылдың көктемінде Сталиннің «Табыстан бас айналу» деген мақаласын баспасөзден оқығам, ол мақаланың сөздеріне сенгем... Енді, міне, Досовтың айтып отырғаны мынау!

– Мен саған ешуақытта қастық ойлаған адам емеспін, – деді Әбілхайыр менің ауыр ойға шомған қалпымды байқағандай, – достықтан басқа ешнәрсе ойламаймын. **Қазақстанда болып жатқан жайды түзеу, тек Сталиннің ғана қолынан келеді, «кұдай» соның көкейіне бірдеме күйса – күйды, күймаса «қазақ деген елдің соруы біржола қайнағаны!» деп біле бер.** Өзіңе айтарым, – бұл мәселе жайлы ешкімге де аузыңды аша көрме, ашам деп, қосақ арасында босқа өліп кетпе!

Сөз қысқарып қалды. Дегенмен, мен аузымды ашпай қойған жоқпын. Біраз күн толғанып жүріп бір сәтте Нығмет Нұрмақовтың үйіне бардым. Ол да Досовтың сөздерін қайталады... Одан біраз кейін Тұрар Рысқұловқа бардым. Оның сөзі алғашқы екеуінен басқаша шықты.

– Менімше, – деді ол, – Қазақстанда болып жатқан асыра сілтеудің нақтылы жайын Иосиф Виссарионович толық білмейді. – Оған бұл жайды жеткізу – Қазақстанды білетін адамдардың міндеті». (Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. Т.11. Алматы, 1977. 425-426 беттер).

Жазушының Алаш қайраткерлеріне адалдығын айрықша атауға болады. Айталық: «Сұлтанбек (Қожановқа сипаттама. С.Н.) шынында да адамшылық қасиеттері мол, ойыншы күлкіші, әзілқой, кеңесқор, әдебиет пен көркемөнерді сүйетін кісі екен» дейді. Ал Ораз Жандосов туралы: «Ораз қазақша сөзді де, орысша сөзді де жұмсақ, әдемі айтатын, мінезі аса сыпайы жігіт».

Тұрар Рысқұловтың Мәскеуге қызметке ауысқанда пәтерін Сәбит



Мұқановқа берген.

Сәбеңнің деректеріне жүгінсек, қазақ қайраткерлері бір-бірімен тілеуқор болған (Сәкен мен Тұрар, Сәкен мен Әбдірахман Байділдин). Сәкен Голощекин басшылығы тұсында бірде-бір рет бас сұқпаған.

Ақмешіт шәрінде 1925 жылы 16 сәуірде съезд өтеді. Сонда Угар Жәнібеков Сәбит Мұқановқа Жасыл туды «Лә иләһа илла-илла», «Жасасын Алаш автономиясы», «Алаштың Ойылдағы атты полкі» дейтін жазулары бар плакаттарды көрсетеді. Бұл дегеніңіз ұлт зиялыларының ұлы тілегі мен рухын танытатын тағдыранықтағыштық дерек.

«Есею жылдарында» Сәбең өзі көрген-білген, дәмдес-тұздас, сырлас болған ұлт мәдениеті тарихындағы өнер жұлдыздарының шығармашылық өмірбаянын құлшыныспен қызықтырып әңгімелейді. Олар: Үкілі Ыбырай, Тайжан, Әміре, Иса, Қажымұқан, Шашубай, Александр Затаевич, Қалибек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков және тағы басқалар. Атақты Қажымұқанның өнері мен ырымшылдығы хақындағысы қызықты бір хикая.

Әлемдік даңққа ие академиктер Марр мен В.В.Бартольдтың, Якубинскийдің, Келтуяланың дәрістерін тыңдаған. А.В.Луначарскийдің (1875-1933) семинарлық сабақтарына 2 жыл қатынасқан. 1932 жылдың күзінде екі мың кісі жиналған лық толы залда Бас баяндамашының жүрегі қысылып, сонда қиындықтан құтқарған А.В.Луначарский 5 минуттың ішінде ойын жинақтап, «Гете мен оның дәуірі» деген тақырыпта үш жарым сағат шабыттана сөйлеп, аудиторияны сиқырлап тамсандырады.

Немесе «қыранша саңқылдайтын, күнше күркірейтін, нажағайша жарқылдайтын» орыс ақыны В.Маяковский оқығыштығын үлгі етеді. Жетесінде жігері мол, азаматтық, қаламгерлік ұстанымы берік, қайраткерлік, көшбасшылық болмысы бөлекше, ғұламалық зердесі өзгеше шарболаттан жаралған Сәбит Мұқанов: «Мен ИКП-да (Институт Красной профессуры. С.Н.) саясаттық және гуманитарлық өзге сабақтарды жақсы алып жүрумен қатар, көркем әдебиеттің тарихы теориясы және шығармашылықпен ерекше шұғылдандым. Дүниежүзілік және орыстың классикалық көркем шығармаларды менің өмірде ең көп оқыған шағым осы ИКП-ның тұсы» деп ағынан ақтарылады.

Ұлы Дала тарихының білгірі Сәбеңнің «Өмір мектебі» трилогиясында өз көзімен көрген, ой-сана таразысында екшелген жер-су, өлке шежіресіне қатысты «Тоғанастың тоқсан екі» көлі, «Балық сасыған Барак» көлі, «Бесімнің бес саласы» (Иманжан Жылқыайдарұлының айтуынша, Мәшһүр Жүсіптің бесінші атасы – Бесім), «Алаша хан күмбезі», «Жошы



ханның күмбезі», «Едіге моласы», «Кенесары қорғаны», «Сандыбай байдың күмбезі» (Сандыбайдың асына 500 бие, 5 мың қой сойылған) жайындағы деректері де шығарманың рухани құндылықтарын көркейтуге қызмет жасайды.

\* \* \*

«Қазақ қауымы» (1971 жыл, 9 ноябрь – 1972 жыл, 28 ақпан, сағат 13, мин.12) тарихи-этнографиялық сипаттауларымен, шежірелік деректерімен, этнолингвистикалық пайымдауларымен, өлшеусіз әдеби-мәдени, ұлттық құндылықтарымен қымбат. Мұнда киіз туырлықты қазақтың әлеуметтік-қоғамдық өмірі, халықтық қағидаттары, дүниетанымы, тұрақ-мекені, төлтума шаруа-кәсібі, ұлттық сөз өнері, қолөнері, аңшылық-саяткерлік қабілет-қарымы, мифологиялық көзқарасы, заттық мәдениет үлгілері (көлік-тұрманы, ыдыс-аяқтары, киім-кешектері), ру-тайпа ұрандары мен таңбаларының мән-мағынасы, ислам дінінің таралу тарихы, киіз үй құрылымы, төрт түліктің қазақ өміріндегі маңызы мен олар жайындағы алуан-алуан ұғым-түсініктер, мал ауруларының түрлері, ұлттық әскери терминдік атаулардың сырлары, құдықшылық өнер, би-шешендер болмысы мен төрелік айту мәдениеті, бақсы ойындары, ентаңба түрлері, жыршылардың, ертегішілердің, күлдіргіштердің, тақпақшылардың өнері, қазақ батырлар эпосының айрықша тоғыз ерекшелігі (мысалы, тарихилық, қаһармандық, драмалық, поэзиялық қасиеттері, батыр тұлғасы және оның сүйген жары, тұлпары, әйелдер образының қуаттылығы, жырдың орындалуының кәсіби деңгейі, эпос тілінің байлығы), қожалар шежіресі білгірлікпен, дәйектілікпен сараланады.

Академик-жазушы Сәбит Мұқанов «тарихтың атасы» Геродот Марцелли, Страбон, Марко Поло, Рубрукс, Плано Карпини, Чжан Цяню, Масғуди, Ибну-Хаукаль, Мұқадджи, Ибн-Батута, Махмұт Қашғари, Рашид-ад-дин, Мұхаммед Хайдар Дулати, Әбілғазы баһадүр, Бичурин, П.И.Рычков, А.Н.Левшин, Пантусов, Потанин, Бартольд, Малов, П.Г.Гексли (1825-1895), Чарлз Дарвин (1809-1881), В.В.Радлов, В.Н.Даль, Э.Тэйлор (1832-1917), Шоқан Уәлиханов, Сәкен Сейфуллин, Санжар Асфендияров, Сәрсен Аманжолов, Ғайнетдин Мұсабаев зерттеулеріндегі деректерді мұқият ой елегінен өткізе отырып, ұлт тарихына қатысты өрелі ой-пікірлер өрбітеді. Айталық, түрліше ру-тайпалардың «қазақ» атымен бірігіп, тұтас бір мемлекет болуы Алаша хан тұсында болса керек деп жорамалдайды да, «қазақ» халқына қарасты жер-су



шегінің белгіленуі, сондай-ақ әдет-ғұрып, тіл, өнердің қалыптасуы да осы кезеңде басталуы мүмкін. Әсіресе, әдет-ғұрып пен тіл...

Тіл жағынан келгенде Соғды Ираннан, халифат заманында араб-парсы және орыс тілдерінен кірген жеке сөздер (онда да біздің тілдің сингармониясына бағынған), жұрнақ, жалғаулар болмаса, қазақ тілінің ұлттық сипаты, тұтастығы ешуақытта өзгерген емес» деп түйін жасайды. Демек, халық тілінің тарихы мен елдің тұтастық – бірлігі XVI-XVII ғасырларда күшейген. Бұған айғақ ретінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» қағидағтарын ұсынады. Сонымен қатар қазақ халқының көне руларының ұрандары мен таңбаларын ұлттық дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтаудың құралы деп санайды. Сәбең ру-тайпалар жөніне көшкенде «бау», «сан», «тұқым», «тек», «орыс» дейтін ұғымдардың төркіні зерделенген жоқ дегенді алға тартады. Бұл ретте сөз зергері, ұлт суреткері Сәбит Мұқановты «палеонтологиялық стилистиканың» маманы деу лайық. Қыруар сөз-ұғымдардың тек-төркініне тереңдейді. Бұған дәлел – парсы тілінің «қар», «гар», «шы» жұрнақтары, «саудагер», «сайыпкер», «зергер», «айлакер», «мұрагер» дейтін сөздерді туындатқан. Пешене – бесене, құрбан – құрмалдық, руза – ораза және т.с.с.

Сондай-ақ «қатын-қалаш», «тоқты-торым», «бала-шаға» дегендегі қос сөздердің екінші қосағы: қалаш, торым, шаға дегендер монғолша атаулар. Мен «Орысша – монғолша сөздік» аталатын кітапты құрастырғанымда мағынасы қазақ пен монғолға ортақ мыңға жақын сөздерді ұшыраттым» деп жазады. Немесе орыс тілінен ауысқан мынадай сөз-ұғымдарды «самовар – самауырын», «кровать – кереует», «хомут – камыт», «дуга – доға» деген сөздерді келтіреді.

Сонымен қатар Ұлы Дала елінде яғни «Каспий түбегі мен Алтай тауын, Сырдария мен Ертісті мекендейтін қазақтардың тілінде де, әдет-ғұрпында да, салт-санасында да, мінез-құлқында да көзге түсерліктей айырмашылық жоқ» деп, ұлт патриоты академик-жазушы Сәбит Мұқанов ана тіліне, ата жұртының асыл дәстүрлеріне философиялық көзқарасын білдіреді. Бұл орайда ол мың қырлы, мың сырлы ұлт тілінің мыңжылдық тарихын меңзейді.

Кемел білім иесі Сәбең «ел», «жұрт», «халық», «отан», «ағайын», «қаған» (хандардың ханы) дейтін сөздердің терең сырлы мағынасын түсіндіреді. «Ел» дегенде «Елші» (бұл мемлекет атынан сөйлейтін тұлға), (Елдің елдігін білмеген, Құдайдың бірлігін білмейді), «Ел іші – алтын бесік», «жұрт жаңарту» деп қоныс ауыстыруды айтады дейді. Сахаба-таңдамалы әскер (гвардия) дегенді білдіреді. Мынадай идиомалардың



мағынасын былайша сөйлетеді: «еншің басқа, енің бөлек» («Жеке шаруа болдық»), «Ергенегі мойнында, намаздары койнында» (мұндағы «ергенек» – киіз үй жақтауы), «ауыл итінің құйрығы қайқы» («қайқы» күшті деген мағынада). «Құлаққа ұрған танадай» деген теңеудің мазмұнына келсек, бұзау, тана, баспақта «айналшық» дейтін дерт бар екен. Бір орнында сенделіп айналшықтап, жем жемей, су ішпей тұрады екен. Сонда жұдырықпен құлаққа қатты соғу арқылы жазады екен. Міне бұл тіркес содан шыққан.

Сәбит Мұқановтың зерттеушілік, білімпаздық қабілетімен қатар, сыншылдық көзқарасы да айқын көрінеді. Ел ішінде тараған «Ұра берсе Құдай да өледі», «Ескі мешітке көкек азаншы, Есі кеткен ауылға есек азаншы», «Байғұстың асын бісмілла тауысады» дейтін шынайылықтан ада теріс мақалдарды әшкерелеуі – оның кемел, толық ғұламалық зердесін айғақтайды.

«Қазақ қауымында» ұлт руханияты тарихындағы Бұқар жыраудан бастап, Сегіз серінің тұлғасын жырлаған «Мақпал» дастанын гүлдендіріп орындаған Қабанбайдың Ғабдолы мен «Алпамыс батырда» сипатталатын кейіпкерлердің «әйел-еркектердің, кәрі-жастардың рөлін орындаған» Тәжінің Қазыбегіне дейінгі (осы екеуін де Сәбең көзімен көрген) әнші-жыршылар, сал-серілер шығармашылығы турасында қызықты мәліметтер жеткілікті.

Сәбит Мұқановтың өзі 1915-1918 жылдар аралығында тұрмыс-салт, қыз бен жігіт айтыстарына қатысып, айтқыштық, тапқырлық өнерін ұштаған. Бұл жайында ол: «Мен балалық шағымда көптеген қиссалармен қатар «Кербаланың шөлінде» жатқа айтатын едім. Сонда тыңдаушылармен бірге қиссаның бірер жерінде өзім де жасқа булығымын. Онда шөлге қамалып, қаталаған Хұсайын жағы бір жұтым су сұрап, Жазидке оның апыл-тапыл басқан ұлын жібереді, сонда мейірімсіз жау су орнына сәбидің ашқан аузына оқ атып өлтіреді.

Екінші бір сәтте Хұсайынның кесілген басын Жазид алтын табаққа салып, бос тұрған сарайына қойғаннан кейін, жұрт ұйқыға кіре Хұсайын ата-бабаларының (Мұхаммед, Ғали, Фатима тағы басқалар) аруағы елес беріп келеді. Мұндай көрініс маған да, тыңдаушыларға да қатты әсер етіп, әрі қорқынышты болатын еді...» – деп, жыршылық шеберлігін, орындаушылық тәсілін сипаттайды.

Сәбең қазақ топырағындағы қиссалардың саны жүздей дейді. Бұлар араб, үнді, парсы халықтарының және Орта әрі Орталық Азия түркілерінің ертегілерінен ауысқан дейді. Және де қарқаралылық Ақылбек



Сабалұлының бір өзі 30-ға жуық, ақмолалық Мақыш Қалтаев қырықтан астам қисса қалдырса, әйгілі жинаушы Жүсіпбек қожа Шайхол-ислам ұғымының жәдігерлері қаншама!

«Мен әр шығармама өз болмысымның бір тамшысын қосамын» деп орыс жазушысы Герцен айтқандай, Сәбит Мұқанов та «Қазақ қауымы» еңбегінде 1961 жылы Ватикан музейінен Еділдің (Аттила) портретін және Ніл өзені бойынан Хазар елін көргенін айтады. «Хазар» атауы Нұржан Наушабаевтың (1857-1919) шежіресінде бар екендігін ескерте кетеді.

Негізінде, «Қазақ қауымы» елтану, мәдениеттану, ұлттану жайындағы классикалық шығарма.

\* \* \*

Ұлт ақыны Мағжан Жұмабаевтың тұлғасы қандай дегенде 1923 жылдың қыркүйек айында Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты жанындағы Мемлекеттік комитеттің төрағасы Халел Досмұхамедұлы Мәскеудегі Көркем Әдебиет институтының тізгінін ұстаушы Д.Я.Брюсовқа жазған баянхатында: «М.Б.Жумабаев по отзыву Киргизской Научной комиссии является, несомненно, ярким выдающимся киргизским поэтом, пока еще может быть выдающимся поэтом при нормальных условиях развития его таланта. Будущий наш Пушкин» делінген (Досмұхамедұлы Х. Еңбектері. Т.1. Алматы, «Арыс», 2017. 408-бет). Бұл құжат Мағжан Жұмабаевтың интеллектуалдық әлеуетіне, ғаламат шығармашылық қуатына, жоғары деңгейде рухани жетілу мүмкіндіктеріне берілген дәйекті сипаттама. Ойымызды тереңдете түсер болсақ, 1922-1923 жылдардың өзінде ақындық, санаткерлік дәрежесі қандай болғандығына, алдымен, Ташкенттегі Қазақ Ағарту институтында ұстаз және ұлттық поэзия тарихында, көркемдік ойлау жүйесінде мейлінше қымбат бағаланатын «Батыр Баян», «Қойлыбайдың кобызы», «Қорқыт» дастандарын туындатты. Осындай бірегей ақындық өнер шамшырағының тағдырын кеңестік идеология тәлкекке ұшыратты. Дегенмен оның биік ақындық парасатын, шеберлігін, мәдениетін тұтастай қазақ халқы мойындады. Дастандарын жатқа айтты Өлеңдерін шырқата, толқыта, сыңғырлата толғап әндетті.

Осы ретте Абайдан кейінгі ірі жаратылыс, кесек құбылыс Мағжан Жұмабаев (бұл санатта Сұлтанмахмұт бар) пен Сәбит Мұқановтың шығармашылық байланысына өз көзқарасымды баяндасам деймін.



Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов Мағжан Жұмабаев туралы дейтін шап-шағын естелік жазбасында:

«10. Қоғамдық сот.

11. Қоғамдық айыптаушы. Сәбит.

12. Сәбит 21 ж. Пресногорьковте, екі түн Мағжан өлеңдерін айтып еді. Әдейі соны үгіттеуге шыққандай еді.

13. 18-жыл Омбыда мұғалімдер курсында: Сәбит Ғазизаның үйінде... Ол үйге оны Мағжан орналастырған» депті (Мүсірепов Ғ. Күнделік. Алматы, «Ана тілі», 1997, 26-бет).

Бұл пікірден 21 жасар Сәбит Мұқановтың Мағжан Жұмабаевқа деген көзқарасын тануға болады. Әрі қиғаштау, әрі ілтипатын. Мағжан 1918-1920 жылдарда Омбы қаласында қазақ мектептері үшін мұғалімдер даярлайтын екі жылдық курсының директоры болғанда Сәбитке қол ұшын бергендігі айтылған.

Кеңестік жүйе, кеңестік саясат ұлт зиялыларын жыртқыштықпен, сұрқиялылықпен қорлық-зорлық, зұлымдық әрекеттерін өршітіп, Мағжандай асылды 1929 жылы Мәскеудегі Бутырка абақтысына қамап, он жылға соттап, жердің түбі Карелияға сабылтып айдағанда Сәбит Мұқанов 1932 жылы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі. I бөлім» дейтін кітап жазып, Мағжан Жұмабаевтың өмірі, ата-тек шежіресі, өнерге ұмтылу жолы, отаршылдық саясатқа қарсылығы, ұлтшылдық, түрікшілдік сарындары, Қызылжардағы, Ташкенттегі, Мәскеудегі қызметі, сонымен қатар кесек-кесек керемет шығармаларынан үзінділер алынып, саяси-қоғамдық, көркемдік, әлеуметтік тұрғыдан сараланады. Сондай-ақ, Сәбит Мұқановтың кеңестік идеология тұрғысынан оның тегеуірінді уысынан шыға алмай, қайшылықты теріс пікірлер де өрбітеді. Қалай болған күнде де Мағжан тас қамауда болғанмен, оның шығармашылық өмірбаяны жөнінде әңгімелеу – өжеттік, рухани ерлік.

С.Мұқанов Мағжанның тек-төркінін де жітілікпен, жетелілікпен түсіндіреді. Шежірелік кестесі былай: Мағжанның әкесі Бекен (1867 жылы туған), Бекеннің әкесі Жұмабай қажы (1827-1899), мұның әкесі Шонай, оның әкесі Өтеген, оның әкесі Өтеміс – Арғын ішіндегі Атығайдың бір бұтағы. Бекен «елдің қабырғалы ақсақалы» атанған. 1906-1911 жылдарда би, 1911-1914 жылдарда болыс болған. Сал-серілікті де қуған.

Сәбит Мұқановтың әңгімелеуінше, Мағжан 8 жасында Кәрім дейтін ауыл молдасынан, Қызылжар медресесінде имам, ұйымдастырушы Мұхамметжан Бегешевтен, қажы Ақия Ақановтан (бұ кісі үш жыл дәріс оқы-



ған, арабша үйреткен), тоқетері, 1910 жылға шейін медреседе білім алған. Мұнан соң Міржәкып Дулатұлынан орыс тілін үйренген. Мұнан соң Ғалия медресесінде Ғалымжан Ибрагимов ұстаздық еткен. 1913-1916 жылдарда Омбыда мұғалімдер семинариясында оқығандығы жөнінде және «Жас азамат», «Алашорда», «Сарыарқа» газеттері мен «Абай» журналына қатынасқанын келтірген. «Балапан» қолжазба журналы мен «Бостандық туы» газетіне редактор болғанын баян етеді. 1912 жылы Қазанда басылған «Шолпан» атты өлеңдер жинағына сипаттама береді. Ол:

Жұрттың қамын көп ойла,

Уайым, қайғы жеп ойла.

Артта қалған сорлы жұрт,

Алға бассын деп ойла!

Кідірме, аяңдама көкке ұмтыл,

Алам деп көктен жұлдыз қолың серме.

Жасынан оқу оқып, өнер қуған,

Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге.

дейтін жас Мағжанның балауса балғын қасиеттерге толы шумақтарын мысалға келтіреді, осындай көркемдік куәліктерді ортаға жайып салады.

С. Мұқанов Мағжанның тырнақалды «Шолпаны» хақында «ақынның алдағы өмірінің елесі бар шығарма», ол «рас, соңғы кезде түр жағынан күшті адам болды» деп жазады.

С.Мұқанов Мағжанның «Есімде... Тек таң атсын?» дейтін өлеңінде «қазақтың жауынгер заманы суреттеледі де, отаршыл үкіметке бағынғанын сөйлейді» дейді. Дұрыс пікір. Бұған әбден лайық қуатты ойларға, көркем суреттерге бай жақұт мысалдарды түйдек-түйдегімен келісті келтіреді.

Ол Мағжан түрікшілдігінің түп-тамырына ой көзімен үңіліп, «Ғалия медресесінде» және «Қазақ» газетін тиянақты, мұқият оқығандығынан дарыған қасиет деп таниды.

Негізінде, Сәбит Мұқанов лирикалық поэзия тарихындағы тұтас бір дәуір есепті кеудесі кеніш Мағжан Жұмабаевтың көркемдігі, сыршылдығы, ойшылдығы бір-бірімен шеберлікпен қиюласқан, символикалық ассоциацияларға кемел «Мен жастарға сенемін», «Жауынгер жыры», «Жарыма», «Жан», «Бостандық», «Түркістан», «От», «Ақсақ Темір сөзі», «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында», «Өтірік ерте-тек», «Зар», «Қысқы жолда», «Айда атыңды Сәрсенбай», «ой», «Жан сөзі», «Пайғамбар», «Күншығыс» және т.с.с. өлең-жырлары құйын за-



манның қайшылықтары негізінде тексерілсе де, ел жүрегін елжіреткен мың сырлы мәтіндерін келтіргені де зиялылық, бүйрегін бұрғандық.

Сонымен бірге «Шолпан» журналының 1923 жылғы № 4-8 сандарында жарияланған «Шолпанның күнәсі» әңгімесі мен балалар әдебиетіне қатысты шығармалары да тиісінше ой-пікір қазығына айналады.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиеті классигі Сәбит Мұқановтың 1931 жылдың өзінде Мағжан Жұмабаевтың суреткерлік өнегесі, көркемдік дүниетанымы жайында мына бір тұжырымдарының өзі соншалықты өрелі де өміршең:

1. «Ақындық жағына келгенде Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ».

2. «Абай қазақ әдебиетіне Еуропа түрлерін шетпұшпақтап кіргізсе, Мағжан дендеп кіргізді. Еуропаның әдебиет түрлерімен қазақ оқушылары Мағжан арқылы толық танысты».

3. «...Мағжан өлеңдерінде сыршылдық (лирика) жағы күшті келеді. Мағжанның өлеңін оқып отырғанда, оның сол өлеңді жазып отырған уақыттағы жан-жүйесінің құбылысы (душевное переживание), ішкі сезімінің толқыны көрініп отырады. Мағжан өлеңінен құр ғана үйлескен сөздерді көрмеймін, ақынның ішіндегісін әйгілейтін айнасын көресің. Сыршылдық жағынан Мағжан көп ақынға бәйге бермейді».

4. «...Мағжан қазақтың ірі ақындарынан саналады дедік. Мағжанның әдебиет майданындағы істерін түгел жазу үшін өз алдына бір үлкен кітап керек. Біздің мақсат Мағжанды түгін тастамай сынау емес, оның әдебиет тарихында алатын орнының мөлшерін көрсету».

«Адасқандар» романында кейіпкердің аузына «Көркемдік Мағжан өлеңінде ғана!» деген сөйлемнің өзі біраз сырды аңғартады.

Бір ескеретін мәселе, 1988 жылы ұлы ақынның мұрасы ақталғанда Сәбит Мұқановтың осы еңбегіндегі өмірбаяндық деректерге сүйенгені рас еді. Айтпақшы, 1995 жылдың желтоқсанында Сәбит Мұқанов музейінде осы еңбектің негізінде «Академик-жазушы Сәбит Мұқанов – әдебиет тарихшысы һәм сыншысы» деген тақырыпта баяндама жасағаным бар. Бұл сабаққа Мариям Мұқан келіні, Сафуан Шәймерденов, Тұрсынбек Кәкішұлы қатысып, сөз сөйлеген-ді.



XX ғасыр басындағы әдебиет, мәдениет тарихы мен ұлт зиялыларының өмірін, саяси-қоғамдық көзқарасын жетік толық, жан-жақты зерделеген Тұрсынбек Кәкішұлы Алатаудың үш сенгіріндей Сәбит – Мағжан – Сәкен байланыстарын тарихи деректер мен құжаттарға жүгіне отырып, Мағжан Жұмабаевтың 1937 жылдың 20 ақпанында Сәбит Мұқановқа хат жазғаны, Алматыға дереу 25 наурызда көшіп келгенде Жазушылар Одағының басшысы Сәбит Мұқановтың І Алматы вокзалынан күтіп алғаны, Мағжан Сәкенге сәлем беремін дегенде, Сәкеннің шаңырағында екеуінің шұрқырасып табысқаны, ертеңінде Сәбиттің үйіне қонақ болғаны айтылған. Осылардың өзі-ақ қырықтың қырқасына енді шыққан, замана бұрқасынына, талқысына тап болған ұлт серкелерінің, сөз зергерлерінің азаматтық асқақ тұлғасын танытады.

\* \* \*

Сәбең Шоқанның кемеңгерлік келбетін, рухани болмысын «Аққан жұлдыз» дилогиясында және «Шоқан Уәлиханов» атты пьесасы (1956) мен фильмінде (1957) іңкәрлікпен сомдады. Сонымен бірге «Шоқан Уәлиханов» деген монографиясында (1962 жылдың 1 тамызы мен 2 қараша аралығында жазылған) ғұлама ойшыл Шоқанның ата-тек шежіресі, өмірбаяны, әдеби-ғылыми ортасы, әдебиеттанушылық, фольклортанушылық қырлары нақтылы деректер негізінде ғылыми сарабалдықпен сараланады.

Сәбит Мұқановтың мына бір баға жетпес дерегі – СССР Ғылым академиясындағы қолжазбалар қорында 1920 жылы Қиыр Сібірлік қалалардың біреуінен келіп түскен тақтай жәшікке сірестіре салынған жиырма шақты жуан папкалардағы материалдарды тиянақты түрде ғылыми айналымға енгізуі дер едік. Осы бір қымбат қазынаның қайдан, қалай келгенін сондағы мына бір ақ конверттің ішіндегі хаттың мәтінін келтіреді. Онда мынадай лебіз бар: «Тағдырдың еркімен менің қолымда Шоқан Уәлихановтың осы жәшікке салынған материалдары сақталып келген еді. Қазір тағдырым қылға ілініп жүрген (!) адамның бірімін. Бұл қымбат материалдар менімен бірге жоғалар деген қауіппен сіздерге жіберіп отырмын. Менің кім екендігімнің сіздерге қажеті жоқ». Не деген Шоқан мұрасына ғажап ілтипат!

Бұл монографияда Абылай ханның өмірі, «Абылайдың ақ үйі» мен Айғаным ордасының тарихы, 1826 жылы Россия патшасы І Николайдың таққа отыруына және оның 1855 жылы өлгенде қазақ делегациясы-



ның баруы (бұлардың ішінде Сартай Шыңғысов, Абайділда Уәлиханов, Шыңғыс Уәлиханов, Мұса Шорманов, Ыбырай Жайықбаев, Тәттімбет Қазанғапов, Бегәлі Қоңырқожин, Секербай Ақпанов, Аққошқар Кішкентаев, Шөбек Байсарин), Кенесары көтерілісінің тарихы, Шыңғыс Уәлихановтың қазақ фольклорын жинаудағы еңбегі ыждаһатпен баяндалады.

Сондай-ақ Шоқанның терең білім алу жолындағы ұстаздары араб, парсы, татар тілдерін жүйрік білетін Н.Ф.Костылецкий мен Петербургте ең сүйікті профессор Н.И.Костомаровтың (1817-1855) дәрістерін тыңдауы және оның араласқан мүдделес, пікірлес, мұраттас замана зиялылары Березин, Казембек, Васильев, Крестовский, П.П.Семенов, ботаник А.Н.Бекетов (1825-1902), химия ғылымының алыбы Д.И.Менделеев, өзін де, еңбектерін де жақсы білген Иакинф Бичурин (1777-1853) жайлы құнды мәліметтер бар.

Академик-жазушы Сәбит Мұқанов «ғылым атаулының түп қазығы – тіл» деп қадап айтады да, Шоқанның латын, ағылшын, француз, неміс, түркі тілдерін (осман түріктері, азербайжан, құмық, қарашай, түрікмен, башқұрт, татар, өзбек, қырғыз, ұйғыр) толық меңгергенін, сондай-ақ қытай тілінің мынадай құпия қырларын түсіндіргенін мәлімдейді. Енді Шоқанды тыңдайық: «Қытайдың тілі – дейді ойшыл Шоқан – «у», «ау», «дау», «хау», «мау», «зау» сияқты бір буынды дыбыстардан тұрады. Бұл дыбыстардың толып жатқан мағыналары бар. 500-ге дейін мағынасы бар сөздер де кездеседі. Мәселен, «хой» («мұсылман» – С.М.) деген дыбыстың қытай тілінде 214 мағынасы бар. Қытайдың ауызша сөзі мен грамматикасы – екі басқа нәрсе, оларда біздің тілдей бірлестік жоқ. Қытайдың хатында әрбір сөздің дыбысы емес, мағынасы билейді. «Хой» деген сөздің мағынасы 214 түрлі болса, жазылуы да 214 түрлі, сондықтан қытайдың тілін білмеген кісіге, кітабын оқи беруге болады» (1958 жыл, 397-бет).

Шоқанның ілім-біліміне қызығып, құштарлықпен тексерген Сәбең оны «қазақтан шыққан бірінші синолог» деп атайды.

Шоқанның қазақ эпостарының индо-герман эпостарымен ұқсастығын білгірлікпен танып, Орта Азияны зерттеген француз ғалымы Абель Ремюзаға (1788-1832) жүгініп, бір заманда Орта Азияда индо-германдықтар мен түркі-монғолдар аралас-құралас ғұмыр кешкен ғой деп жорамалдаймын дегенін Сәбең орайын тауып сөйлетеді.

Ғаламат қабілеттің иесі Шоқан ұстазы Н.Ф.Костылецкий екеуі араб поэзиясының көркемдік сұлулығына қайран қалысады екен (Н.М.Ядринцев пікірі). Кәміл мұсылман Шоқан «Лә илаһа илла-алла, Мұхаммәдә



Расул Алла» деп жазып, «Қобыздың күйлері, Ханғожа сұлтанның» деп, оның күйлерін тізген. Ол қазақтың ән-күйлерін нотаға да түсірген.

Жинақтай айтқанда, С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» атты монографиясы тарихи-мәдени, әдеби деректерге бай салиқалы зерттеу.

\* \* \*

Абай Құнанбаев монографиясында акын өскен орта, ата-тегі, өмір кезеңдері, дүниеге, сөз өнеріне көзқарасы туралы зерттеу жүргізіп, тиянақты тұжырымдар айтты. Жазушы сөзімен айтсақ: «Абайды – ата-тегінде, өз өмірінде, ақындық таланты мен шеберлігін де, оқу-білім де, жалпы адамдық, өз ұлтының пікірлерін де, өміріндегі, шығармаларындағы күшті я әлсіз жақтарында түгел қамту» көзделген. Зерттеуші «Абай Құнанбаев» дейтін монографиялық еңбегінде даналық қорытындыларға, қанатты, ғибратты ойларға мейлінше бай қарасөздеріне зейін аударады. Қарасөздеріндегі көркемдік шеберліктің бір сыры ақынның дарынды шешендердің мұрасын жетік һәм терең үйреніп білгендігінен деп түйіндейді. Зерттеуші Абай поэзиясының бейнелілік-суреттілік жүйесіне, ақындық тілі мен құрылысына талдау жасайды. Абайдың Шығыстың классикалық әдебиетімен байланысы және А.С.Пушкиннен, М.Ю.Лермонтовтан, И.А.Крыловтан аударылған шығармалары жөнінде ой өрбітеді. Ұлы ақынның табиғат лирикасындағы философиялық ой да, сурет те, сыр да біртұтастықта екендігін көрсетеді. Яғни Абайдың жаратылысты сөйлетіп, құпиясын төгілте суреттеп жеткізіп, ой-сезім мұхитының ағыс-толқындарын тудырып, ғаламат қуаттың көзіне айналатындығын дәлелдейді. Осы еңбегінде: «Ұлттық тіл – сол ұлттың тілі – сол ұлттың барлық мүшесіне түсінікті бола білсе ғана тіршілігінің айнасы мен құралы болады»– деп жазады. Шынында да, Абай поэзиясы – қазақ өмірінің айнасы. Демек, ол ана тілінің негізгі сөздік қорын сарқа пайдаланған, соның ну орманына еркін шүйгіген ерен дарын. Автор ақын туындатқан шендестірулерге, ауыстыруларға, теңеулерге, әсірелеулерге ой сәулесін түсіреді. Олардың қазақ халқының шаруа-кәсібімен, тұрмыс-салтымен, аңшылық, малшылық дәстүрлерімен төркіндес, тамырлас екендігін баяндаған, Абайдың қазақ өлеңіне енгізген өзгеріс-жаңалықтарына тоқталған. Фольклорлық поэзияға жыр үлгісі мен қара өлең шумағы тән болса, ал қазақтың жазба поэзиясына Абай жиырмаға жуық түр қосты деп пайымдайды. Абай жыр үлгісімен «Өзгеге, көңілім, тоярсың...», «Болыс болдым мінеки...», «Жаздыгүн шілде болғанда...»



сияқты өлеңдерін шығарған. Мұнда «бірқалыпты үйлес жиі қолданылғандығын» ескертеді зерттеуші. Ақын енгізген жаңалықтарды анықтау үстінде, оның өлеңдерінің буындық, тармақтық, ұйқастық, шумақтық, ырғақтық құрылысының ерекшеліктерін есепке алады. Абайдың қазақ өлеңіне кіргізген ұшан-теңіз өзгерістерін осылайша жіктейді: «Асылы «осы жаңалықтарында Абай қазақ поэзиясына тән заңды (өлеңге төрт буыннан артық буыны бар сөз қоспау, қазақ сөзінің буын құрылысын сақтау) бұзбайды, қатты сақтайды». С.Мұқанов ақынның композиторлық шеберлігіне де назар аударған. Ол музыка зерттеуші А.В.Затаевичке Абайдың «Татьянаның Онегинге жазған хатын» өзі орындап, нотаға түсірткен.

\* \* \*

Сәбит Мұқановтың көрсетуінше, Абай ақындық қуаттың, таланттың, поэзияның басты мақсаты – «қоғамды өркендету үшін қажетті құралдардың бірі деп түсінген кісі» дейді. Және де ол ойшыл, қайраткер, ұлт ақынының тұлғасын түсіндіргенде ұлы сыншы В.Б.Белинскийдің «бүкіл ұлттың рухына бейне бола аларлық ұлы адам бола білу керек» деген ұстанымын негіз етіп Абай шығармашылығын талдайды.

Абайдың өміріне қанық Қатпа Қорамжанов пен Архам Ысқақов: «Семейден Абай орысша және мұсылманша көп кітаптар алып қайтып, соларды оқумен шұғылданды. Ол кітаптарды оқып бітірген соң, Семейге кетіп, тағы да кітаптар әкелді. Осылай Семейден кітаптар әкеп оқу 1873 жылдан бастап Абайдың дағдысына айналды», – дейді. (Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. А., 1980. 209-211 беттер).

Абайтанушы Сәбең осы бір «Абай Құнанбаев» монографиясында: «Америка саяхатшысы Джорж Кеннен жазады: «Менің сұрауларыма Леонтьев (Семейдегі кітапхананың бастығы. – С.М.) жауап беріп, Семей кітапханасының құрылуы тарихын баяндайды да: «Кәттә қазақтар да мұнымен пайдаланады, – деді. – Мен білетін Ибрагим Кунанбай деген қарт қазақ бар, оның кітапханаға келіп жүруі былай тұрсын. Милль, Бокль, Дрэперді де оқиды» («Сибирь и ссылка», 140 бет, 1906 ж.).

Г.Г.Льюис пен Д.С.Милльдің талқылауы арқылы орыс тілінде 1867 жылы шыққан Огюст Конттың «Позитивтік философиясын» Абайдың оқығандығын оның дін туралы пікірлерінен байқалады. (Бұл мәселеге кейінірек ораламыз). Дж.В.Дрэпердің «Еуропа пікірінің өркендеу тарихы» (бірінші рет орыс тілінде ХІХ ғасырдың 60 жылдарында шыққан



болу керек. Біздің қолға түскені 1896 жылы басылғаны. Абай алғашқы шыққанын оқыған сияқты) атты кітабының кейбір пікірлерін Абай өлеңге де аударды. Мәселен, Абайдың:

Өмірдің алды ыстық, арты суық,

Алды ойын, арт жағы мұңға жуық, – деп, келетін өлеңдері мен Дрэпердің мына сөздері дәл келеді: «Жас шағында өзінің күшіне еркін сенген адам қартайғанда күшінен көңілі суып, басқаша ойлайды. Уақыт өткен сайын, жастықтың елікпе қиялдары да бәсеңсиді, одан кейін әр ойын тізгіндеп, тілегінің өрісін тарылтады. Ақырында шын тұрмыс оның көзінен пердесін сыпырады, қартайған оның ойына адам үмітінің болмашы екендігі ұялайды. Оның тапқаны табам деп ұмтылғанына аз ұқсайды» (2 бет).

Өмірдің алдындағы үміт пен артындағы өкініш туралы айтқан Дрэпердің пікірі Абайдың бірнеше өлеңінде әр қилы жүйеде кездесіп отырады» – деп жазады. Бұл жерде келтірілген деректер мен ой сарындары (Дж.В.Дрэпердің Абайдың толғанысымен үйлесімділігі) жаңалық. (Сонда, 213-214 беттер). Академик-жазушы С.Мұқановтың осы бір дерегі өзге авторларда кездеспейді.

Қазақ тілінің заңдылықтарын сұңғылалықпен танып-білген, қабылдап түсінген Абай поэзиясында халық тілінде қолданылмайтын жаңаша етістіктерді туындатқан. Соларды Сәбең былайша дәйектейді: мысалы: «Ақыл іздеп, ізерлеп, Бәрін сынап сандалған». Сонда түбірі «із», сонан «іздеу», «ізерлеу» өрбіген... Осы тұрғыдан келгенде Абай «соңырқап» (соны, сонарлау, соныдан, соныға дегендерден шыққан болу керек), Немесе: «Түзу бол» деген кісіге, Түзу келмес ырықтап». С.Мұқанов «ырық» деген зат есім халық тілінде етістікке айналмайтын, тек жалғаумен «ырқы, ырқының, ырқына, ырқын» деген сияқты түрін өзгертетін сөз» еді деп жазады (Сонда, 362-бет). Сонымен қатар: «Құбылға бәрі керек қой, Бәрі жайсыз тоқтауға» «Құбыл» дейтін зат есім «құбылу» дейтін етістіктен шыққандығын айтады.

Аталмыш зерттеуде Абайдың ортасы, ақындық кітапханасы, Мүрсейіт Бікіұлының өмірбаяны мен қолжазбасының тағдыры, Архам Ысқақұлының естелігі, 1897 жылы Абайға жасалған қиянат-қастықтың тарихы да сөз болады.

Иіні келгенде, айтудың жөні бар. Сәбең Абай музейіне Абайдың 1909 жылғы басылымын сыйлаған.

Академик-жазушы, білімпаз Сәбит Мұқанов 1938-1940 жылдарда ҚазПИ мен Семей педагогика институтында қазақ әдебиетінің тарихы-



нан дәріс оқыған. Соның нәтижесінде 1942 жылы «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кесек еңбегі жарияланды. «XVIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап... қазақ әдебиетінде жаңа дәуір туды, ол – қазақ халқының Тәуелсіздігін қорғау жолындағы күресін сипаттайтын әдебиет» деген сындарлы пікірінен-ақ Сәбеңнің ұлт руханиятына деген шынайы көзқарасын толық тануға болады. Бұл оқулықта «XVIII ғасырдағы қазақ тіршілігінің энциклопедиясы» Бұхар жыраудан бастап, «бостандық күресінің» қаһармандары Сырым Датұлы, Көтібар Берсенұлы, Жәңгір ханның сарай ақындары, Махамбет, Кенесары – Наурызбай, Жанғожа Нұрмағамбетұлы, Бекет Серкебайұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі жайындағы қаһармандық жырлары, зар заман әдебиетінің заңғар жыршылары Шортанбай, Шернияз, Мұрат шығармашылығы, қазақ айтыс өнерінің табиғаты мен түрлері соншалықты мол деректер мен әдеби-фольклорлық материалдар негізінде зерделенеді. Бұл орай М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), С.Сейфуллиннің «Билер дәуірінің әдебиеті» (1931) тәрізді сүйекті еңбектердің санатында саналады.

\* \* \*

Әңгімешіл Сәбең: «Шынында да менде хат дегенің бір машина. Қарапайым жұмысшыдан бастап, академикке дейін жазысқан хаттарымды бірін қалдырмай сақтай беріппін. Әрқайсысының тарихы бір-бір роман. Былтыр архивке өткізіп едім, сонда сұрыптап шығарғанда ұзын-ырғасы 141 бума етіп түптеп қойыпты» деген қазақ радиосының журналисі Серік Тұрғынбекұлына берген сұхбатында. Мен де ұлы суреткердің осы бір лебізін өз аузынан естіген едім.

«Мұқановтың хатханасы – Письмотека Муканова» дейтін кітапта (2018) жазушының 1924-1973 жылдар ішінде жолдаған әрі алған 309 хаты жинақталған. Әрқайсысы бір-бір қаралық. Осынау эпистолярлық мұраның дәуірнамалық, шежірелік, зертханалық, әдеби-шығармашылық, қоғамдық-саяси сипаттары өлшеусіз. XX ғасырдың әйгілі тұлғаларымен, жақсы-жайсаңдарымен сыр бөліскен, пікірлескен, тарихқа, мәдениетке, халық, ел, мемлекет тағдырына қатысты ой-тұжырымдарын шынайы шыншылдықпен жеткізген. Кімдерге дейсіз ғой, атап айтқанда олар: М.Шолохов, А.Фадеев, Л.Соболев, Н.Тихонов, А.Храпченко, Н.Бажан, А.Толстой, Т.Гунивердзе, Исак Джусто, Ф.Саукуп, Э.Синклеру, Г.Серебрякова, З.Фурцева, К.Симонов, цейлондық Тхэжа Гуниверде-



не және мемлекет қайраткерлері И.Сталин, Н.С.Хрущев, Ж.Шаяхметов, Д.А.Қонаев т.с.с.

Ол Сәйфи Құдашқа жазған хатында (1966 жыл, 1 тамыз) өзбек шайыры Ғафур Ғүләмнің жаназасында жылағанын, қабіріне көз жасын төккенін тебіреніспен айтып, сонан соң Міржақып Дулатовтың «Айрылу» өлеңінен:

Дариға тірі айрылмай, өлі айрылсам,  
Топырақ дұға қылып қолдан салсам,  
Жамылып салқын қабір жатқан достың,  
Үстіне көздің жасы мөлт-мөлт тамсаң,  
Жүректі сол уақытта қайғы буып,  
Келмесін енді қайтып біліп жуық,  
Рахат рухына тілеп Хақтан,  
Хош айтып кетпес пе едім көңіл суып –  
дейтін шумақтарын келтіреді.

Бұл дегеніңіз Алаш мұрасы мен тұлғасына деген ілтипат. Сондай-ақ қызылжарлық ақын А.Нұртазинге жолдаған хатында (1970 жыл, 31 наурыз) «Аққан жұлдыз» дилогиясының кейбір тұстарына байланысты ел ортасындағы қайшылықты әңгімеге орай (Уәлі мен Айғаным жайы) кейбіреулер Мағжанның көзқарасына «неге туламаған» деп жазады. Бұл пікірі де Мағжанға деген ізет.

\* \* \*

Алаш ардақтысының әрбір романы байтақ бір бай әлем. Онда замананың қилы-қилы кесек суреттері, дәуір дауысы, әзіз халықтың рухы, жаны, тағылым-тәжірибесі, ұлық дәстүрі, философиялық дүниетанымы, «телегей теңіз тарихы», мәдениеті, тілі, ел басқару тәртібі, қоғамдық-әлеуметтік жай күйі бар. Сөз иіні келгенде, «Ботакөз» романының қадір-қасиеті жөнінде Ж.Сәбеңнің мына мағыналы әңгімесін айтсақ та жеткілікті.

Ақтөбе облысынан бір қария әрі жалынды, әрі жалынышты мазмұнды хат жазғанын, онда ерке, тентек, кенже ұлының Ақтөбе қаласында тракторшылар курсында оқып жүргенде бір инабатты, әдепті бір қызбен уағдаласып, сонан соң, ол бойжеткен үйінің ұлы да, қызы да өзі екенін түсіндіріп, әкесінің рұқсатын алу керектігін айтып, шарт қойғанын, сөйтіп, баласына қыз айттыру үшін 5-6 мәшинамен үйіліп-төгіліп барғанын, 3-4 күн салтанатты той болғанын, соңында қыз әкесі ежелден киітті



күйеу баланың әкесі кигізуші еді. «Енді менен алыңдар: әне аруана, анау су төгілмес жорға, мынау түрікпен кілем, мінеки темір тұлпар» дейді. Бірақ құда көңіліңе разымын, алмаймын, рахмет. Енді өздерің келіп, жол-жоралғы, тарту-таралғыларыңды алып кетіңдер» дейді. Сонан қыз жағынан құндыздай шұбап, құдалар келіп, керемет ұлас-асыр 4-5 күн той жасап, мәре-сәре болып, ақырында белгі болсын деп оларға ат, түйе, кілем сыйлайды. Қыз әкесі азар да безер болып: «Керек емес, керегеде кітап ілулі тұр екен. Сол менің таба алмай жүрген кітабым, соны бер» дейді.

Ұлдың әкесі: «Жоқ. бере алмаймын. Бұл менің тірлігімдегі қызығым, ермегім», – дейді.

Онда дейді қыздың әкесі «Кітапқа татымайды екенмін, мен қызыма бата бермеймін, өз еріктері білсін» – деп, біржола қасарысып көнбейді. Сөйтсе дағдарған, тұйыққа тірелген қарттың Сәбит Мұқановқа «Ботагөзінді» тауып бер деп жазған хаты екен. Қайран Сәбең айтады: «Алматының магазиндеріне шапқылап, болмаған соң өзіме таныс, Сарқанд ауданының бір совхозының директорына бұйымтайымды айтып, хат жазып, әйтеуір, 20 данасын алдырдым», «заказной бандерольмен» екі ақсақалға он-оннан тең бөліп: «Алжымаңдар, шатақ шығармаңдар» деп ақыл айтып, хат жаздым. Жарты айдан соң «Тойға келіңіз деген телеграмма алдым» дейді Сәбең. Осыған шаттанған, «Ботагөз» романына қызығушылық тудырған ұлт қайраткері даңқты Сәбит Мұқанов ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында қалыңмал орнына көркем әдебиетке құмарлық, әсіресе, бұл бір ғажап оқиға халқымыздың мәдени тілегі мен дәрежесінің биіктеп өскендігінің кепілі екендігіне шаттанады.

Қазақстанның Еңбек Ері Әбдіжәміл Нұрпейісов: «40-шы жылы «Ботагөзді» оқыдым, әдебиетші болуға, көзқарасымның қалыптасуына осы роман үлкен ықпал етті» дейді.

Руханият тарихындағы өрен тұлға Сәбит Мұқановтың шығармашылық жолы – даналықтың, ізгіліктің, қайраткерліктің, ғұламалықтың жолы. «Сәбең – нағыз қаһарман тұлға!» (Әбдіжәміл Нұрпейісов).